

**Р. АГЫБЕТОВА<sup>1</sup>✉, Е. САЙЛАУБАЙ<sup>1</sup>, Б. ТОКИШКАДИРОВ<sup>2</sup>, З. МУКАТАЕВА<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

(Қазақстан, Астана), E-mail: agybetova@mail.ru

<sup>2</sup>Шәкәрім университеті, (Қазақстан, Астана)

### **АБАЙ ОБЛЫСЫНДА ЭТНОТУРИЗМДІ ДАМУ МҮМКІНДІКТЕРІ**

**Аңдатпа.** Ғылыми мақалада өңірдің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды факторы ретінде Абай облысындағы этнотуризмді дамыту мүмкіндіктері мен перспективасы қарастырылды. Этнотуристік бағыттардың қалыптасуына ықпал ететін облыстың тарихи-мәдени мұрасы мен туристік-рекреациялық әлеуеті талданды. Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетіне, ұлттық әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлеріне, халық қолөнеріне, фольклорға, сондай-ақ Абай Құнанбаевтың есімімен байланысты тарихи және қасиетті объектілерге ерекше назар аударылады. Туристерді қазақ халқының дәстүрлі өмір салтымен, ұлттық тағамдарымен, салт-дәстүрімен, халық қолөнерімен, фольклормен және ұлттық құндылықтарды дәріптеуді қамтитын этнотуризмнің ерекшеліктеріне назар аударылды.

Жергілікті қауымдастықтың этнотуристік қызметтерді ұйымдастыруға қатысуы мәдени бірегейлікті сақтауға және аймақты дамытуға ықпалы қарастырылды. Инфрақұрылымның, сервистің және маркетингтің жеткіліксіз деңгейі сараланып, саланы дамытудың негізгі проблемалары айқындалып, аймақтың туристік тартымдылығын арттыруға, ішкі және келу туризмін дамытуға бағытталған этнотуризмді дамыту бойынша ұсыныстар берілді.

**Кілт сөздер:** туризм, этнотуризм, Абай облысы, мәдени мұра, SWOT талдау, жергілікті қауымдастық, әлеует, тұрақты даму.

### **Кіріспе**

Соңғы онжылдықтарда этнотуризм мәдени мұраны сақтауға және жергілікті қауымдастықтарды дамытуға бағытталған тұрақты туризмнің бағыты ретінде кеңінен танылуда [1]. Бұл туристерді дәстүрлі мәдениетке, салт-дәстүрлерге, қолөнерге және этникалық топтардың өмір салтына терең бойлауды қамтиды [2]. Әлемдік контексте этнотуризм айтарлықтай өсуді көрсетеді, мысалы, Үндістан мен Моңғолияда ол жергілікті экономикаға айтарлықтай үлес қосады және материалдық емес мәдени мұраны сақтауға ықпал

---

\*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз: Агыбетова Р., Сайлаубай Е., Токишкадилов Б., Мукатаева З. Абай облысында этнотуризмді дамыту мүмкіндіктері // Bulletin of the International University of Tourism and Hospitality. – 2026. – No. 2(12). – Б. 84–95. <https://www.doi.org/10.62867/3007-0848.2026-2.06>

\*Cite us correctly: Agybetova R., Sailaubai E., Tokishkadyrov B., Mukatayeva Z. Abai oblysynda etnoturizmdі damyту mumkindikteri [Opportunities for the Development of Ethnotourism in the Abai Region] // Bulletin of the International University of Tourism and Hospitality. – 2026. – No. 2(12). – P. 84–95. <https://www.doi.org/10.62867/3007-0848.2026-2.06>

етеді [3].

Қазақстан үшін этнотуризмнің дамуы ерекше маңызға ие, өйткені ел тарихи тұрғыдан бай мәдени және рухани мұраға ие көшпелі өркениеттің кеңістігі ретінде қалыптасты [4]. Абай облысы, Ұлы ойшыл Абай Құнанбаевтың отаны, этнотуристік бағыттарды қалыптастыру және басқа өңірлер мен шетелден туристерді тарту үшін бірегей алғышарттарға ие. Облыс Қазақстанның рухани-мәдени орталығы ретінде танымал, бұл мәдени, тарихи және аймақтың этникалық ерекшеліктерінің жиынтығы [5]. Алайда, кешенді зерттеулер мен этнотуризмді дамытудың жүйелі бағдарламаларының болмауы осы әлеуетті іс жүзінде іске асыруды шектейді.

### **Әдебиеттік шолу**

Қазақстандық ғалымдар А.А. Дүйсембаев, Р.А. Мукатова ғылыми еңбектерінде этнотуризмнің әлеуметтік және мәдениет саласындағы негізгі мәселелері мен оны жоспарлаудағы мүдделі тараптардың келешегі мен стратегияларының негіздерін қарастырады. Авторлар этнотуризм саласындағы негізгі мүдделі тараптар, әлеуметтік-мәдени мәселелер және мүмкіндігі бар шешімдерді енгізетін концепциялық негіздерді этнотуризмді жоспарлау жүйесінде талдап, зерттеді. [6].

Ғалым Melanie Smith «Issues in Cultural Tourism Studies» кітабында қалалық және ауылдық жерлерде мұра, өнер, фестивальдар, жергілікті тұрғындар, этникалық туризм және мәдени тәжірибеге қатысты көптеген өзекті мәселелерді қарастырады. Автор этнотуризмнің материалдық емес мәдени мұраны сақтау және ауылдық жерлерде экономикалық белсенділікті ынталандыру құралы ретіндегі маңыздылығын көрсетті [7].

Авторлар А.Н. Ламбекова және т.б. «Қазақстандағы этнотуризмді дамыту негізінде жұмыссыздық деңгейін төмендету жолдары» тақырыбындағы ғылыми еңбектерінде агротуризмді дамыту нәтижесінде этнотуризмді қолға алуды және қарапайым халықты жұмыспен қамтамасыз етіп жұмыссыздық деңгейін төмендетуге болатынын және Қазақстан Республикасы бойынша этноауылдардың инфрақұрылымын, даму әлеуетін, перспективасын, даму қолайлылығын зерттеу нәтижелерін саралап, елімізде этнотуризмді дамытудың жаңа перспективаларын қарастырды [8].

Қазақстандық авторлар С.Р. Ердаuletov, А.М. Артемьев, У.Т. Кошкимбаева «Этнотуризм как фактор регионального развития» тақырыбындағы ғылыми мақалаларында этнотуризмнің ауылдық аумақтардың туристік тартымдылығының бір түрі ретіндегі сипаттамаларын келтіреді. Сонымен қатар, мақалада оның мультипликативті әсері, мәдени маңыздылығы, гастрономиямен, аймақтық және жергілікті мәдениеттің басқа элементтерімен тығыз байланысы атап өтті [9].

Зерттеуші Ж. Акимов диссертациялық ғылыми зерттеу жұмысында ГАЖ технологияларын пайдалана отырып, этникалық туризмді дамыту аумақтарын аудандастырып, оны дамытудың негізгі компоненттерін анықтап және зерттелетін дестинацияларда этнотуризм субкластерлерін құру әдіснамасын ұсынды [10].

Шетелдік авторлар By Li Yang, Geoffrey Wall «Ethnic Tourism Impacts, Challenges and Opportunities» оқулықтарында дүние жүзіндегі әртүрлі этникалық бағыттардағы теориялық негіздер мен эмпирикалық зерттеулерге негізделген этникалық туризмнің жаңа тақырыптарын, тұжырымдамалары мен мәселелерін қарастырады. Авторлар көптеген этникалық қауымдастықтардағы өзгерістердің қозғаушы күші болып табылатын этнотуризмнің мәдени, экологиялық және экономикалық аспектілерін көрсетеді және

жергілікті табысты ұлғайтуға, шығындарды азайтуға мүмкіндік беретін құралдарды ұсынады. Бұл кітапта этникалық мәдениетті тауарға айналдыру, кеңірек модернизация күштері мен ұлттық интеграция саясатының әсері сияқты этникалық туризм тудырған әртүрлі нәтижелер мен өзгерістерді ашатын белгілі этникалық бағыттардың бірқатар жағдайлық зерттеулері берілген. Туризмнің экономикалық дамуға қосқан үлесін арттыруға және этникалық қауымдастықтардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған бастамаларды ұсынады [13].

Әдебиеттік шолуда қарастырылған ғылыми еңбектерде этнотуризм саласын зерттеу маңыздылығының негізделгені, этнотуризмді дамыту бойынша негізгі өзектілігі айқын проблемалардың қарастырылғандығы зерттеу нысаны ретіндегі Абай облысындағы этнотуризм саласының ерекше спецификасын және зерттеу гипотезасын анықтауға бағдар болды.

### **Зерттеу әдістері мен материалдар**

Зерттеуде этнотуризм және аймақтық туризм тақырыптары бойынша ғылыми жарияланымдар мен салалық есептерді Контент-талдау қолданылды. Абай облысындағы этнотуризмнің ағымдағы жағдайы Ұлттық статистикалық бюро есептерінің мәліметтерімен сараланды. SWOT талдау негізінде этнотуризмнің дамуына әсер ететін ресурстық әлеует, инфрақұрылымдық жағдайлар және проблемалар талданды. Өңірдің туристік әлеуеті туралы деректер зерттеу материалдары негізінде жүйелендіріліп, қорытындыланды. Зерттеудің эмпирикалық бөлігі респонденттердің сауалнамасын қамтыды. Зерттеу мақаласының эмпирикалық бөлігі сауалнамамен қамтылды. Сауалнаманың 52% ішкі туристер, 38% аймақ тұрғындары, 10% шетелдік туристер респонденттер құрамы құрады. Іріктеу әдісі ретінде мақсатты іріктеу қолданылды. Деректердің статистикалық өңделуі сипаттамалық статистикалық әдісін қолдану бойынша іске асырылды.

### **Нәтижелер мен талқылау**

Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында елімізде туризмді дамытудың басым бағыттарының бірі ретінде этнотуризмнің қарастырылуы туризмнің бұл түрінің маңыздылығы мен қажеттілігін айқындайды [11].

Абай облысы тарихи-мәдени, қасиетті, экологиялық, жағажай және трансшекаралық туризм саласында айтарлықтай әлеуетке ие. Туристификация картасы аясында республикалық деңгейде "Тарбағатай" ұлттық паркі мен Алакөл көлінің жағалауы, ал аймақтық деңгейде – Шошқалы көлі, "Абай-Шәкәрім" мемориалдық кешені және "Жидебай-Бөрілі" мұражай қорығы бөлінді. Бұл нысандар қазақстандық және шетелдік туристер үшін тартымдылық нүктелеріне айналады.

Дамудың маңызды бағыты ойын-сауық инфрақұрылымын құру болып табылады. Семейде дәстүрлі мәдениет пен гастрономия орталығына айналатын "Этноауыл" жобасы іске асырылуда, ал Бейбітшілік аралындағы балалар темір жолын қайта жаңарту қаланы отбасылық демалыс үшін тартымды етеді. Туризмнің дамуы тек мәдени және табиғи нысандарды ғана емес, сонымен қатар жаңа, стандартты емес бағыттарды да қамтиды. Сонымен, Курчатов қаласы ғылыми-танымдық және "dark" туризмнің орталығына айналады. Бұрынғы Семей сынақ полигонының аумағында экскурсияларды лицензиялау бойынша жұмыс жүргізілуде, бұл ядролық сынақтар тарихына қызығушылық танытқан туристерді тартуға мүмкіндік береді.

Абай облысының бірегей туристік әлеуеті бар, оны саяхатшылар үшін жаңа маршруттар

мен тарту орындарын құра отырып дамытуға жұмыстар атқарылып жатыр. Экологиялық туризмге ерекше назар аударылады. "Тарбағатай" ұлттық паркінде биіктігі 40 метрден асатын Көлденең сарқырамасын қоса алғанда, туристік маршруттар мен демалыс объектілері құрылуда. Бұл аймақты табиғатты сүйетіндер мен ашық ауада демалушылар үшін тартымды етуге мүмкіндік береді.

Облыста шетелдік туристер ағынының артуына Қазақстан мен Қытай арасындағы өзара визасыз режим туралы келісім ықпал етеді. 2024 жылдың тамыз айында туризм саласындағы ынтымақтастықты дамытуға бағытталған ҚХР Шыңжаң - Ұйғыр автономиялық ауданының делегациясымен кездесу өткен. Желтоқсан айында "Бақты" өткізу пункті ашылды, бұл елдер арасындағы қозғалысты едәуір жеңілдетті. Сонымен қатар, облыс VIII Қытай - Еуразиялық ЕХРО көрмесін және III Қазақстан - Қытай өңіраралық ынтымақтастық форумын қоса алғанда, халықаралық көрмелер мен форумдарда өзінің туристік мүмкіндіктерін белсенді түрде жылжытуда.

Өзінің емдік элементтерімен танымал Шошқалы көлі ретіндегі туристік бағыттардың дамуы жалғасуда. Қазақстан Республикасының туристендіру картасына енгізілген объектілер: "Қозы Көрпеш – Баян сұлу" кесенесі, "Абай-Шәкәрім" кесенелер кешені, Абайдың "Жидебай-Бөрілі" мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-мұражайлары киелі туризмнің дамуына ықпал етеді.

Алакөл көлі жағалауындағы «Tourist Info» туристік ақпараттық орталығы қызмет көрсетеді, ол орталықта ішкі және шетелдік келушілерге тегін брошюра, карта және жарнамалық жадынамалар беріледі. Жазғы маусым кезеңінде отынды үздіксіз жеткізу жұмыстары, аумақтың инфрақұрылымын дамыту шаралары іске асырылу жағдайында. Туристерге ыңғайлы етуге әзірленген QR код түріндегі интерактивтік нұсқаулық бар, қызмет түрлерінің сапасын арттыруға және шетелдік туристердің кіру-шығу тіртібін бақылау үшін «eQonaq» жүйесінде іске қосылған. Осындай шаралар негізінде Абай өңірі Қазақстан Республикасының негізгі туристік орталығының біріне айналу бағытында кешенді жұмыстарды жүзеге асырып жатыр. Инфрақұрылымын дамыту, инвестициялар тарту, белсенді жүзеге асырылып жатқан халықаралық келіссөздер туризм саласының дамуына қолайлы жағдай жасап, аймақтың экономикалық дамуына және халықаралық деңгейде имидж қалыптастыруға мүмкіндік жасайды [12].

Абай өңірі аймағында этнотуризм дамуына негізгі ресурс болатын маңызды жиынтықтар көлемі келесі кестеде берілген (кесте 1).

**Кесте - 1 – Негізгі ресурстық маңызды жиынтықтар көлемі**

<b>Категориясы</b>	<b>Сипаттамалары</b>
Тарихи-мәдени құндылықтар	«Абай - Шәкәрім» мемориалдық кешені, дәстүрлі этноауылдар, киелі объектілер
Материалдық емес мұралар	Салт-дәстүр, әдет-ғұрып, фольклор, халық ауыз әдебиеті шығармашылығы
Қолөнер түрлері	Киіз басу, былғары дайындау өнері, зергерлік қолөнерлік
Дәстүрлі өмір салты	Ұлттық тағам, әртүрлі көлемдегі киіз үйлер, көшпелі мәдениет
Табиғи-мәдени орта орталар	Далалық, тау ландшафттар, туристік тарихи, мәдени нысандар, дәстүрлі орындарды қолдану
<i>Ескерту: авторлар құрастырған</i>	

Кесте мәліметтеріне сәйкес Абай облысы тарихи-мәдени, материалдық емес мұра, қолөнер, дәстүрлі өмір, табиғи-мәдени мұра сынды категориялар бойынша Абай мемориалдық кешендері, дәстүрлі ауылдар, киелі нысандар, салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, фольклор, ауызша халық шығармашылығы, киіз басу, былғары және зергерлік қол өнер, ұлттық тағамдар, киіз үйлер, көшпелі мәдениет, дала және тау ландшафттарф, туристік тарихи-мәдени объектілер дәстүрлі жерді пайдалану сипаттамалары бойынша туристерге қызмет көрсету әлеуетіне ие екендігі мәлім.

Абай облысының туризм саласындағы бірнеше негізгі көрсеткіштердің 2022-2024 жылдар аралығындағы талдауы даму тенденциясын көрсетеді (кесте 2).

**Кесте - 2 – Абай облысы туризмінің негізгі көрсеткіштері**

Жылдар	Туристер көлемі, мың адам	Орналастыру орындарының көлемі	Орналастыру орындарымен көрсетілген қызметтер көлемі, мың теңге	Инвестиция (жеке салымдар) көлемі, млрд, теңге
2022	225927	325	3552517,9	2,5
2023	238896	325	6027915,6	12,6
2024	306473	318	5330017,2	15,9
2025	207723	327	4906008,4	24,1


*Ескерту: [5] негізінде авторлар құрастырған*

2022 жылда келу туризмі көрсеткіштері 225927 туристті көрсетті, келген ішкі және шетелдік туристерге 325 орналастыру орындары қызмет көрсеткен, көрсетілген қызмет көлемдерінің құны 3552517,9 мың теңге болса, құйылған инвестиция көлемі 2,5 млрд, теңге болған, 2023 жылғы бұл көрсеткіштер 6% артуды көрсетті, келген туристтер 238869 мың болды, орналастыру орындарының көлемі өзгеріссіз болып, осы объектілер көрсеткен қызметтер көлемі 70 % пайызға үлкен көлемде артып 6027915,6 мың теңгені көрсетіп, өңірге салынған инвестициялық салымдарда 8% ға артты. 2024 жылы болса келу туризмінің көлемі 28% артуды көрсетсе, керісінше орналастыру орындар саны аз мөлшерде кемуді көрсетті, ұсынылған қызметтер көлемі де 11% кеміп, төмен пайыз болды, керісінше саланың инвестиция көлемі 7 % пайызға ұлғайып, оң динамика берілді. 2025 жылғы туризм саласының өңірдегі көрсеткіштері қаңтар-қарқүйек айлары аралығындағы мәліметке сәйкес инвестиция тарту көлемі жоғары деңгейді көрсетіп, саланың дамуына үлкен мүмкіндіктер бар екенін айқындады. Жалпы айтқанда негізгі талданған көрсеткіштер бойынша облыстың туризм саласында даму динамикасының бар екені анықталды. Абай облысында этнотуризм түріне сұраныс көлемі мақала авторларымен сауалнама жүргізу әдісі негізінде сараланды. Сауалнамаға қатысқан респонденттердің 52%-ы этнотуризмге тұрақты қызығушылық танытатынын білдірді. Бұл көрсеткіш өңір тұрғындары мен туристер арасында ұлттық мәдениетке, дәстүрлерге, этнографиялық мұраларға негізделген туристік өнімдерге сұраныстың жоғары екенін дәлелдейді. Яғни, этнотуризмнің өңірдің туристік саласын дамытудағы әлеуеті айтарлықтай жоғары деп бағалауға болады. Сонымен қатар, қатысушылардың 38%-ы өңірдегі екі-үш күндік қысқа этнотуристік маршруттарға қатысуға дайын екендігін көрсетті. Бұл респонденттердің басым бөлігі қысқа мерзімді демалыс

күндеріне арналған турларды қолайлы деп санайтынын аңғартады. Мұндай маршруттарды дамыту жергілікті туристік нарықтың сұранысына сай келеді және туристер ағынын арттыруға мүмкіндік береді. Қалған 10% респонденттер этнотуризмге қызығушылық танытпайтынын немесе мұндай турларға қатысуға әзір еместігін білдірген. Алайда сауалнама нәтижелері этнотуризмді дамытуда бірқатар проблемалардың бар екенін де анықтады. Респонденттердің пікірінше, өңірдегі этнотуризмді насихаттау және жылжыту жұмыстары жеткілікті деңгейде жүргізілмейді. Ақпараттық жарнаманың әлсіздігі әлеуетті туристердің этнотуристік нысандар мен маршруттар туралы хабардарлығының төмен болуына әсер етеді. Сонымен қатар, инфрақұрылымның толық дамымауы маңызды мәселе ретінде көрінеді. Туристік нысандарға апаратын жолдардың сапасы, орналастыру орындарының жеткіліксіздігі, сервистік қызметтердің дамымауы туристердің сапалы демалыс ұйымдастыруына кедергі келтіруі мүмкін.

Респонденттер сондай-ақ тәжірибелі мамандардың жетіспеушілігін атап өткен. Бұл жағдай экскурсиялық қызмет көрсету сапасына, этномәдени бағдарламаларды ұйымдастыру деңгейіне және жалпы туристік өнімнің тартымдылығына кері әсер етуі ықтимал.

Этнотуризмге қызығушылық көрсеткіштері бойынша үлесті төмендегі диаграммадан көруге болады (сурет 1):



**Сурет - 1 – Сауалнама нәтижесіндегі облыстың этнотуризм көрсеткіштерінің үлесі**

*Ескерту: Сауалнама негізінде авторлар құрастырған*

Жалпы сауалнама нәтижелері өңірде этнотуризмге деген қызығушылықтың жоғары екенін және қысқа мерзімді этнотуристік маршруттарға сұраныстың бар екенін көрсетті. Дегенмен, этнотуризмнің толыққанды дамуы үшін жарнамалық-насихаттау жұмыстарын күшейту, туристік инфрақұрылымды жетілдіру және білікті мамандар даярлау бағытында жүйелі шаралар қабылдау қажет.

Авторлар, сонымен қатар Абай облысында этнотуризмнің қазіргі жағдайы мен оны дамытудың бағыттарын анықтау мақсатында SWOT талдау жүргізілді (сурет 2).

Күшті жақтары (S)	Әлсіз жақтары (W)
<ul style="list-style-type: none"> <li>• Өте бай, бірегей мәдени мұра</li> <li>• Жоғары шынайылық</li> <li>• Аймақтық тарихи-рухани бренд</li> <li>• Ұлы Абайдың мұрасы</li> <li>• Ішкі туризмге жоғары қызығушылық</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Инфрақұрылымның жеткілікті дамымауы</li> <li>• Сандық технологиялар әлсіздігі</li> <li>• Шектеулі көлік логистикасы</li> <li>• Білікті кадрлардың тапшылығы</li> <li>• Жарнаманың төмен деңгейі</li> </ul>
Мүмкіндіктері (O)	Қатерлер (T)
<ul style="list-style-type: none"> <li>•Этнотуризмге сұраныстың артуы</li> <li>•Мемлекеттік қолдау</li> <li>•Ауыл туризміне сұраныстың артуы</li> <li>•Шетелдік туристерді тарту</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Мәдениетті коммерцияландыру</li> <li>• Экологиялық жүктеменің артуы</li> <li>• Шынайылықты жоғалту</li> <li>• Көрші аймақтардың бәсекелестігі</li> </ul>

### **Сурет - 2 – SWOT талдау**

*Ескерту: авторлар құрастырған*

Алынған эмпирикалық мәліметтер Абай облысында этнотуризмді дамытуға объективті алғышарттардың бар екенін көрсетеді. SWOT талдау көрсеткендей Абай облысында мақсатты мемлекеттік және жеке қолдау нәтижесінде этнотуризм аймақтың тұрақты даму факторының біріне айналуы мүмкін.

Абай облысында этно бағытта өткізілетін мәдени іс-шаралар кешенін өңірге туристерді тартуға бағытталған маркетингтік жылжыту құралдары ретінде қарастыруға болады:

«Асыл мұра» фестивалі – Семей қаласында Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған іс-шаралар аясында Бейбітшілік аралында ашылған этноауылда қала тұрғындары мен қонақтарына арналған жылда ұйымдастырылатын «Асыл мұра» қолөнершілер фестивалі өтті. Үздік шеберлер туындыларын көрермен назарына ұсынды. Белгілі қолөнерші Сәкен Назарханұлы Абайдың домбырасы мен кісе белдігін өз қолымен қайта жасап шығарып көпшіліктің назарына ұсынған [14]. «Асыл мұра» фестивалі – ұлтымыздың дәстүрлі қолөнерін насихаттап, ұлттық мұраны ұлықтап, облыстағы қолөнер шеберлерінің жұмыстарын халық арасында таратып, қолдау көрсетуге бағытталған мәдени іс-шара болды.

Қарауылтөбе этноауылы кешені – этноауыл Абай ауданы, Қарауыл ауылының маңайында Абай Құнанбайұлының 180 жылдығы қарсаңында ашылған объект. Этноауыл мерейтой қарсаңында жарықтандыру жүйесімен, су жабдықтарымен, кәріз және санитарлық инфрақұрылым материалдарымен, кірме жолдар құрылысының жүргізілуімен қамтылды. Этноауылда әртүрлі ұлттық іс-шаралар ұйымдастырылады [15].

2022-2025 жылдардағы Абай облысындағы туристік ағынның динамикасын талдау барлық негізгі көрсеткіштердің тұрақты өсуін көрсетеді. Туристік ағын 225 мыңнан 306 мың адамға дейін ұлғайды, бұл ретте шетелдік туристер саны да артқан, бұл өңірдің халықаралық тартымдылығының және этнотуризмді ілгерілету жөніндегі маркетингтік стратегиялардың тиімділігінің артқанын көрсетеді. Орналастыру объектілерін арттыру және нөмірлік қорды ұлғайту инфрақұрылымның артып келе жатқан сұранысқа сәйкестігін қамтамасыз етті, бұл

көрсетілетін қызметтер көлемін ұлғайтуды да қажет етеді.

Этнотуризм объектілері бойынша эмпирикалық деректер көрсеткіштері шебер кластар, мәдениет бағытындағы, фольклормен байланысты шаралар қамтылған интрактивті бағдарламалардың туристерді тартуға жақсы әсері болатындығын, сонымен қатар, сыртқы келушілердің болу ұзақтығын арттыруға да ықпалы бар екенін көрсетті.

SWOT талдауы аймақтың күшті жақтары - бай мәдени мұра және жоғары шынайылық - көлік қолжетімділігінің жеткіліксіздігі және шектеулі инфрақұрылым сияқты әлсіз жақтардың орнын толтыруға мүмкіндік беретінін көрсетеді. Негізгі мүмкіндіктер этнотуризмге қызығушылықтың артуы және мемлекеттік қолдауға қажеттілік болып табылады. Қауіптер қатарына мәдени мұраларды коммерцияландыру мен экологиялық ауыртпалықтарды жатқызуға болады. Этнотуризмнің табысты дамуының негізгі шарты институттардың, бизнестің және жергілікті қауымдастықтардың өзара қарым-қатынастарына негізделген кешенді тәсіл болып табылады. Осындай негізде, зерттеу нәтижелері Абай өңірінің туристік инфрақұрылымын жаңарту, ақпараттарды толығымен цифрландыру, жалпы туристік маршруттарды әлеуетті ішкі және халықаралық бағыттарда жылжыту аясында этнотуризмді тұрақты дамыту үшін жақсы потенциалға ие екендігін көрсетті.

### **Қорытынды**

Ғылыми мақалада Абай облысында этнотуризмді дамытуға жеткілікті тарихи-мәдени, рухани потенциалдың бар екендігі және өңірде туризм саласын дамытуда этнотуризмнің басым бағыттарының бірі болатындығы зерттелді. 2022-2025 жылдар аралығындағы статистикалық есептер көрсеткіштері әр жыл бойынша туристік ағындардың, ұсынылған қызметтер көлемдерінің, туризм саласына салынған инвестициялар көлемінің ұдайы артуы анықталып, өңірде туризм саласында дамудың динамикасының оң серпіні бар екенін көрсетті. Шетел туристері көлемінің артқандығы да облыстың этнотуристік әлеуетінің халықаралық деңгейдегі тартымдылығы артқанын және де этномәдениеттік туристік өнімнің өзектілігін растады. Зерттеу жұмысының эмпирикалық зерттеу нәтижелері дәстүрлі рәсімдер мен халықтың қолөнері, көшпенді өмір элементтерінің қамтылуымен шебер кластарға қатысуды қамтығандағы этнотуризмнің интерактивті түрлері келушілердің ауқымды қызығушылықтарын туыра алатындығын нақтылады. Осындай форматтар шетелдік туристердің болу ұзақтығының артуы мен жергілікті қоғамдастық үшін де экономика бағытында тиімді артуына ықпал ететіні сараланды.

Талдау барысы шынайылық пен бай мәдени мұра болған жағдайда инфрақұрылымның әлсіздігі, көлікке қолжетімділіктің шектеулігі, квалификациясы жоғары мамандардың жетіспеушілігі туризм саласының дамуын тежейтін негізгі факторлар болып қалатындығын анықтады. Осы фактілерге байланысты Абай облысы өңірінде этнотуризмді дамыту болашағы инфрақұрылымды дамытумен, білікті кадрларды даярлаумен, туристік өнімдерді цифрландырумен, тұрақты этно бағыттағы маршруттарды қалыптастыру мен жылжытуға байланысты шаралар кешенін жүзеге асыруды қажет етеді.

Абай облысында этнотуризмді дамытуға қажетті этно мәдениеттік потенциал үлкен. Этнотуризмді дамыту мәдени мұраларды сақтауға, жергілікті халықты оны жылжытуға тартуға және де өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал етеді. Сондықтан да, кешенді этнотуристік бағыттағы маршруттар әзірлеу, мамандардың біліктілігін жетілдіру, туристік өнімдерді цифрлық платформаға жазу және халықаралық деңгей нарығында

жылжыту іс-шаралар кешенін жүзеге асыру қажеттілігі мен ғылыми зерттеулермен негізделген зерттеулер нәтижелері облыста этнотуризмді дамытуға болатын бастапқы тетіктер бола алады.

*Зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі тарапынан бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру аясында жүзеге асырылып жатқан BR28712491 «Шәкәрім Құдайбердіұлының рухани мұрасын әдеби-мәдени, тарихи-этнографиялық, географиялық, лингвистикалық тұрғыдан кешенді зерттеу: цифрлық интеграция және этнотуризм» ғылыми жобасы шеңберінде орындалды.*

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Ердаулетов С. Р. Қазақстан туризмі : оқу құралы. – Алматы : Бастау, 2015. – 552 б.
2. Richards G. Cultural tourism: A review of recent research and trends // Journal of Hospitality and Tourism Management. – 2018. – Vol. 36. – P. 12–21. – DOI: 10.1016/j.jhtm.2018.03.005.
3. Cultural Tourism and Sustainable Development. – Madrid : World Tourism Organization (UNWTO), 2018.
4. Weaver D. Sustainable Tourism: Theory and Practice. – Oxford : Butterworth-Heinemann, 2006. – 256 p.
5. Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросы : ресми сайт. – Электрондық ресурс. – URL: <https://stat.gov.kz> (қаралған күні: 25.12.2025).
6. Дүйсембаев А. А., Мұқатова Р. А. Шетелдік тәжірибедегі этнотуризм дамуының теориялық негіздері // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Экономика сериясы. – 2020. – № 2. – Б. 180–188.
7. Smith M. K. Issues in Cultural Tourism Studies. – 3rd ed. – London ; New York : Routledge, 2015. – 304 p.
8. Ламбекова А. Н., Галинова А. Т., Рахимбаева Р. М., Алишева Д. Е. Қазақстандағы этнотуризмді дамыту негізінде жұмыссыздық деңгейін төмендету жолдары // Қарағанды университетінің хабаршысы. Экономика сериясы. – 2023. – № 2(110).
9. Ердаулетов С. Р., Артемьев А. М., Кошкимбаева У. Т. Этнотуризм как фактор регионального развития // Географический вестник. – 2011. – № 4(19). – С. 45–52.
10. Акимов Ж. М. Қазақстанда этнотуризмнің дамуы : автореф. дис. на соискание степени доктора философии (PhD). – Астана, 2023. – 32 б.
11. Қазақстан Республикасының Үкіметі. Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы : Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 262 қаулысы. – Электрондық ресурс. – URL: <https://gov.kz> (қаралған күні: 25.12.2025).
12. Этнотуризм бойынша материал. – Электрондық ресурс. – URL: <https://surl.li/ekaotg> (қаралған күні: 25.12.2025).
13. Yang L., Wall G. Ethnic Tourism: Impacts, Challenges and Opportunities. – 1st ed. – London : Routledge, 2023. – 238 p.
14. Этнотуризм бойынша материал. – Электрондық ресурс. – URL: <https://surl.li/oeazho> (қаралған күні: 25.12.2025).
15. Қазақстан Республикасы Үкіметінің ресми сайты. – Электрондық ресурс. – URL: <https://gov.kz> (қаралған күні: 25.12.2025).

**REFERENCES**

1. Erdauletov S. R. Qazaqstan turizmi: oqu quraly [Tourism of Kazakhstan: Textbook]. – Almaty : Bastau, 2015. – 552 b.
2. Richards G. Cultural tourism: A review of recent research and trends // Journal of Hospitality and Tourism Management. – 2018. – Vol. 36. – P. 12–21. <https://doi.org/10.1016/j.jhtm.2018.03.005>
3. Cultural Tourism and Sustainable Development. – Madrid : World Tourism Organization (UNWTO), 2018.
4. Weaver D. Sustainable Tourism: Theory and Practice. – Oxford : Butterworth-Heinemann, 2006. – 256 p.
5. Qazaqstan Respublikasynyn Ul'tyq statistika burosy [Bureau of National Statistics of the Republic of Kazakhstan]. – Electronic resource. – URL: <https://stat.gov.kz> (accessed: 25.12.2025).
6. Duisembaev A. A., Muqatova R. A. Sheteldik tazhiribedegi etnoturizm damuynyn teoriyalyq negizderi [Theoretical foundations of ethnotourism development in foreign practice] // L.N. Gumilyov atyndagy EEU Habarshysy. Ekonomika seriyasy. – 2020. – No. 2. – P. 180–188.
7. Smith M. K. Issues in Cultural Tourism Studies. – 3rd ed. – London ; New York : Routledge, 2015. – 304 p.
8. Lambekova A. N., Galinova A. T., Rakhimbaeva R. M., Alisheva D. E. Qazaqstandagy etnoturizmdi damytu negizinde jumyssyzdyq dengeiin tomenдетu zholdary [Ways to reduce unemployment through the development of ethnotourism in Kazakhstan] // Qaragandy universitetinin habarshysy. Ekonomika seriyasy. – 2023. – No. 2(110).
9. Erdavletov S. R., Artemyev A. M., Koshkimbaeva U. T. Etnoturizm kak faktor regionalnogo razvitiya [Ethnotourism as a factor of regional development] // Geograficheskii vestnik. – 2011. – No. 4(19). – P. 45–52.
10. Akimov Zh. M. Qazaqstanda etnoturizmnin damuy [Development of ethnotourism in Kazakhstan] : Abstract of PhD dissertation. – Astana, 2023. – 32 p.
11. Qazaqstan Respublikasy Ukimeti. Qazaqstan Respublikasynyn turistik salasyn damytudyn 2023–2029 zhyldarga arналган tuzhyrymdamasyn bekitu turaly [On approval of the Concept for the Development of the Tourism Industry of the Republic of Kazakhstan for 2023–2029]: Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan No. 262 of March 28, 2023. – Electronic resource. – URL: <https://gov.kz> (accessed: 25.12.2025).
12. Etnoturizm boiynsha material [Material on ethnotourism]. – Electronic resource. – URL: <https://surl.li/ekaotg> (accessed: 25.12.2025).
13. Yang L., Wall G. Ethnic Tourism: Impacts, Challenges and Opportunities. – 1st ed. – London : Routledge, 2023. – 238 p.
14. Etnoturizm boiynsha material [Material on ethnotourism]. – Electronic resource. – URL: <https://surl.li/oeazho> (accessed: 25.12.2025).
15. Qazaqstan Respublikasy Ukimetinin resmi saity [Official website of the Government of the Republic of Kazakhstan]. – Electronic resource. – URL: <https://gov.kz> (accessed: 25.12.2025).

**Р. АҒЫБЕТОВА**

PhD, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Туризм кафедрасының профессоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Қазақстан, Астана)  
E-mail: [agybetova@mail.ru](mailto:agybetova@mail.ru)

**Е. САЙЛАУБАЙ**

Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, (Қазақстан, Астана)  
E-mail: [alashorda100@mail.ru](mailto:alashorda100@mail.ru)

<b>Б. ТОКИШКАДИРОВ</b> Гуманитарлық ғылымдар магистрі, Шәкәрім университеті, (Қазақстан, Семей) E-mail: botabek87@mail.ru	<b>З. МУКАТАЕВА</b> Тарих ғылымдарының кандидаты, Шәкәрім университеті, (Қазақстан, Семей) E-mail: zauremukataeva4@gmail.com
	17.10.2025 ж. баспаға түсті 01.06.2026ж. түзетулермен келді 30.06.2026ж. басып шығаруға қабылданды

**R. AGYBETOVA<sup>1</sup>✉, Ye. SAILAUBAI<sup>1</sup>, B. TOKISHKADIROV<sup>2</sup>, Z. MUKATAYEVA<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>L.N. Gumilyov Eurasian National University

(Kazakhstan, Astana), E-mail: agybetova@mail.ru

<sup>2</sup>Shakarim University, (Kazakhstan, Semey)

### **OPPORTUNITIES FOR THE DEVELOPMENT OF ETHNOTOURISM IN THE ABAI REGION**

**Abstract.** *The scientific article examines the possibilities and prospects for the development of ethnotourism in the Abai region as an important factor in the sustainable socio-economic development of the region. The historical and cultural heritage of the region and its tourist and recreational potential, contributing to the formation of ethnotouristic trends, are analyzed.*

*Special attention is paid to the traditional culture of the Kazakh people, national customs and traditions, folk crafts, folklore, as well as historical and sacred sites associated with the name of Abai Kunanbayev.*

*The features of ethnotourism are considered, including the acquaintance of tourists with the traditional way of life of the Kazakh people, national cuisine, customs and rituals, folk art and popularization of national values. The influence of the participation of the local community in the organization of ethnotouristic services on the preservation of cultural identity and the development of the region is investigated.*

*The analysis of the insufficient level of infrastructure, service and marketing development has been carried out, and the main problems of the industry have been identified. Based on the conducted research, recommendations for the development of ethnotourism are proposed, aimed at increasing the tourist attractiveness of the region, as well as the development of domestic and inbound tourism.*

**Keywords:** *tourism, ethnotourism, Abay region, cultural heritage, SWOT analysis, local community, potential, sustainable development.*

**R. АГЫБЕТОВА<sup>1</sup>✉, Е. САЙЛАУБАЙ<sup>1</sup>, Б. ТОКИШКАДИРОВ<sup>2</sup>, З. МУКАТАЕВА<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

(Казахстан, Астана), E-mail: agybetova@mail.ru

<sup>2</sup>Университет Шакарима, (Казахстан, Семей)

### **ВОЗМОЖНОСТИ РАЗВИТИЯ ЭТНОТУРИЗМА В АБАЙСКОЙ ОБЛАСТИ**

**Аннотация.** *В научной статье рассмотрены возможности и перспективы развития этнотуризма в Абайской области как важного фактора устойчивого социально-экономического развития региона. Проанализированы историко-культурное наследие области и её туристско-рекреационный потенциал, способствующие формированию*

этнотуристических направлений. Особое внимание уделено традиционной культуре казахского народа, национальным обычаям и традициям, народным ремёслам, фольклору, а также историческим и сакральным объектам, связанным с именем Абая Кунанбаева.

Рассмотрены особенности этнотуризма, включающие знакомство туристов с традиционным образом жизни казахского народа, национальной кухней, обычаями и обрядами, народным творчеством и популяризацией национальных ценностей. Исследовано влияние участия местного сообщества в организации этнотуристических услуг на сохранение культурной самобытности и развитие региона.

Проведён анализ недостаточного уровня развития инфраструктуры, сервиса и маркетинга, определены основные проблемы отрасли. На основе проведённого исследования предложены рекомендации по развитию этнотуризма, направленные на повышение туристической привлекательности региона, а также развитие внутреннего и въездного туризма.

**Ключевые слова:** туризм, этнотуризм, область Абай, культурное наследие, SWOT-анализ, местное сообщество, потенциал, устойчивое развитие.